

## Бірыңғай тіркелген салық мөлшерлемелерін белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы мәслихатының 2011 жылғы 21 желтоқсандағы № 442 шешімі. Қостанай облысы Ұзынкөл ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 25 қаңтарда № 9-19-168 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы мәслихатының 2018 жылғы 19 ақпандағы № 181 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы мәслихатының 19.02.2018 № 181 шешімімен (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**Ескерту. Шешімінің тақырыбына өзгеріс енгізілді - Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы мәслихатының 23.11.2015 № 369 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзін басқару туралы" Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексінің 422-бабына сәйкес Ұзынкөл аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Қызметін Ұзынкөл ауданы аумағында жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін айына бірыңғай тіркелген салық мөлшерлемелері қосымшаға сәйкес белгіленсін.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы мәслихатының 23.11.2015 № 369 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

2. "Бильярд бойынша қызмет көрсететін, салық төлеушілер үшін бір салық салу объектісінен алынатын тіркелген салық ставкалар мөлшерін белгілеу туралы" мәслихаттың 2009 жылғы 22 сәуірдегі № 141 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-19-99 тіркелген, 2009 жылғы 14 мамырда "Нұрлы жол" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Кезекті XIX  
сессиясының төрағасы*

*Аудандық  
мәслихаттың хатшысы*

**КЕЛІСІЛДІ:**

*С. Першуков*

*В. Вербовой*

"Қазақстан Республикасы қаржы  
Министірлігі Салық комитетінің  
Қостанай облысы бойынша Салық  
департаментінің Ұзынкөл ауданы  
бойынша Салық басқармасы"  
мемлекеттік мекемесінің бастығы  
\_\_\_\_\_ Х.Ж. Зейнеке

Мәслихаттың  
2011 жылғы 21 желтоқсандағы  
№ 442 шешіміне қосымша

## **Қызметін Ұзынкөл ауданы аумағында жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін айына бірыңғай тіркелген салық мөлшерлемелерінің мөлшері**

**Ескерту. Қосымшаға өзгеріс енгізілді - Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы  
мәслихатының 23.11.2015 № 369 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған  
күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Реттік нөмірі	Салық салу объектісінің атауы	Айына бірыңғай тіркелген салық мөлшерлемелерінің мөлшері (айлық есептік көрсеткіштерде)
1.	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған, ұтыссыз ойын автоматы	1
2.	Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	1
3.	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер	1
4.	Ойын жолы	5
5.	Карт	2
6.	Бильярд үстелі	3